

Жалпы ата-аналар жиналысынын №1 хаттамасы

Күні: 29 қазан 2025 жыл

Уақыты: 18:00

Өткізілген орны: №55 жалпы білім беретін орта мектептің акт залы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, сынып жетекшілері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Білім беру ұйымдарында заңсыз ақшалай қаражат жинаудың алдын алу шаралары туралы.
2. Мектеп пен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту, ашықтық пен сенімді қамтамасыз ету, адалдық пен академиялық адалдық мәселелеріне тоқталу.
3. Сыныпшілік және мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыру кезінде ата-аналардың ерікті қатысуын қамтамасыз ету.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Мектеп директоры – Рахимберлина Дидар Алимовна: Ата-аналарға ҚР «Білім туралы» заңының 63-бабына сәйкес білім беру ұйымдарында **міндетті немесе мәжбүрлі түрде ақша жинауға қатаң тыйым салынатынын** түсіндірді. Сонымен қатар, мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас **адалдық, ашықтық және еріктілік** қағидаттарына негізделуі тиіс екені айтылды. Адалдық пен академиялық адалдық мәселелеріне тоқталып, мұғалімдердің ақша қаражаттарын жинауларына тиым салынғаны туралы айтты. Мектептің материалдық базасын жақсартуға бағытталған кез келген көмек тек **ерікті негізде және ресми түрде мектеп шоты арқылы** жүргізілуі қажет екені атап өтілді.

2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.М.Темирова: Ата-аналарға сынып ішінде немесе мектеп көлемінде ақша жинау жағдайлары байқалғанда, ол туралы дереу **мектеп әкімшілігіне, директорға немесе білім бөліміне** хабарлау керектігін ескертті. Сонымен қатар, ата-аналар чаттарында немесе бейресми топтарда ақша жинау бастамаларына **жол берілмейтіні** туралы ақпараттандырды.

3. Ата-аналар комитетінің төрайымы – Серкебаева Гүлмира: Комитет мүшелері сынып іс-шараларын ұйымдастыру кезінде барлық шешімдерді **ата-аналар жиналысында ортақ келісіммен, хаттама негізінде** қабылдайтындарын жеткізді. Барлық қаржылық мәселелер **ашық есеп беру** арқылы ғана жүргізілетіні және ешқандай ата-анадан мәжбүрлі түрде қаражат жиналмайтыны айтылды.

СӨЗ АЛДЫ:

Кейбір ата-аналар тарапынан мектепке ерікті түрде көмек көрсету тетіктері туралы сұрақтар қойылды. Мектеп әкімшілігі бұл мәселені түсіндіріп өтті:

- Мұндай көмек тек ата-ананың **жеке қалауы бойынша** жүзеге асады;
- Барлық шығындар мен түсімдер **мектеп бухгалтериясы арқылы** рәсімделеді;
- Мектеп әкімшілігінің **бекітуі және есептілігі** міндетті болып табылады.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Білім беру ұйымында және сынып ішінде **заңсыз ақша жинауға жол берілмесін.**
2. Мұндай жағдайлар орын алған жағдайда дереу **мектеп әкімшілігіне және жергілікті білім бөліміне** хабарлансын.
3. Барлық қаржылық және материалдық көмек тек **ерікті түрде, ашық және хаттама негізінде** жүзеге асырылсын.
4. Сынып жетекшісі мен ата-аналар комитеті ата-аналар арасында **түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізсін.**
5. Ата-аналар чаттарында, әлеуметтік желілерде және жиналыстарда **ақша жинау туралы бастамалар көтерілмесін.**
6. Ата-аналар, мұғалімдер және мектеп әкімшілігі арасында **өзара сенім мен ынтымақтастық** қарым-қатынасы нығайтылсын.

Жиналыс төрағасы:



Серкебаева Г.

Хатшы:



Досжан Г.Ж.